

**Құрман орта мектебінің
2022-2023 оқу жылында
10 сыныппен жүргізілетін
жұмыстың талдауы**

Хабарлама

2022-2023 оқу жылында 10 сыныпты 11 оқушы бастады, оның 3 қыз, 8 ер бала. Сынып оқушыларының тәртібі, үлгерімі, таным дәрежесі, мектепшілік шараларға қатысымы жоғарғы деңгейде. Оқушылар штаттық режимдегі оқу талаптарына сай ережелерді ұстанады. Мектеп формасы, оқушылардың жеке бас тазалығы қалыпты жағдайда. Ата-аналармен байланыса отырып, оқушылар тәрбиесіне бірлесе атсалыстық. Жоспар бойынша бекітілген тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналысы уақытылы өткізілді. 2-озат, 6-екпінді.

Отбасылық жағдайы: Сыныптағы оқушылардың барлығы толық отбасыда тәрбиеленген. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сынып оқушыларының тәртібі денсаулығы, таным дәрежесі, қабілеттері, жоғарғы сатыға қалыптасуы, мектепшілік шараларға қатысымы жақсы Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі байланыстамын. Тоқсан сайын ата –аналармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде ата-аналар ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ұғынды. Жиналыстарда сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды.

Оқушылар ана тілін құрметтеуге, өз отанын сүйуге, туған жеріне қызмет етуге, құқықтық сауаттылығын арттыруға, құндылықтарды бойға дарытатын тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.


«Ер азамат атына лайық бол» тақырыбында тәрбие сағаты өтті



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.



«Дін және заманауи қоғам» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мектеп медбикесі Ә. Құрмановамен бірлесе отырып, «АИТВ\СПИД аурулардың алдын алу» түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Бөгенбаев Санат Амандықұлы Ойыл ауданының әкімі А. Қазыбаевтан «Жыл адамы-2024» атағымен марапатталды



Ұстаздар күніне орай «Алғысым шексіз» атты тәрбие сағаты және «Ұстаз-ұлы тұлға» мерекелік кештер өтті.



8 наурыз-Халықаралық әңгелдер мерекесіне орай «Мерген ару-2023» қыз балалар арасында әскери-патриоттық сайысы өтті.



Ш. Берсиев атындағы ойыл музейі мен Ойыл аудандық кітапханасына саяхат жасалды.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында көрме ұйымдастырылды



Сынып жетекшісі: Жасұланова Жангүл Жасұланқызы